

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшелеріне**

2022 жылғы 8 желтоқсандағы № ДС-363 хатқа

Құрметті депутаттар!

Теміртау қаласындағы экологиялық жағдайға және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ (бұдан әрі – АМТ, Кәсіпорын) қызметіне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазіргі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мүдделі мемлекеттік органдарды тарта отырып, АМТ-ға кешенді жоспардан тыс тексеру жүргізуде. Осы тексеру аясында Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі АМТ қызметінің қоршаған ортаның жай-күйіне әсерін бағалау үшін халықаралық аудиторлық компанияны тарту бойынша жұмыс жүргізуде.

Бүгінгі күнге 6 ұсыныс енгізілді, 206 әкімшілік материал қозғалды және қаралды, 55,4 млн теңгеге айыппұл салынды (өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша – 22 млн теңгеге 201 бұзушылық, ТЖД – 9,4 млн теңгеге 102 бұзушылық, СЭС – 23,8 млн теңгеге 25 бұзушылық, еңбек инспекциясы бойынша – 5 іс (4 ескерту және 80 мың теңгеге 1 айыппұл).

Қылмыстық Кодекстің 277-бабы 3-бөлігі (тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша 17 адамға елден тыс жерлерге шығуға шектеулер қойылды, іс бойынша 103 адамнан жауап алынды, құжаттама алынды.

Осыған байланысты ағымдағы жылдың 30 қарашасы мен 9 желтоқсанында ТМД бойынша ArcelorMittal компаниясының вице-президенті В. Гоялмен кездесулер өткізілді, онда ол компанияның комбинат жұмысының тұрақтылығын, қызметкерлердің жұмыспен қамтылуын және олардың еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайындығы туралы айтты.

Өз кезегінде Үкімет кәсіпорын басшылығына жұмысшылардың қаза болуы мен жарақаттануына әкеліп соққан өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі елеулі олқылықтарға нұсқай отырып, комбинаттың экологияға теріс әсер ету проблемасына, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға бағытталған инвестициялардың жеткіліксіз көлеміне тоқталды.

АМТ Теміртау қаласының атмосфералық ауасын ластаудың негізгі көзі болып табылады.

2021 жылы Теміртау қаласы бойынша шығарындылардың жалпы көлемі 243 мың тоннаны құрады, оның 210 мың тоннасы АМТ-ға тиесілі.

2021 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялар туралы келісімге қол қою шеңберінде Жол картасын бекітті, оған сәйкес АМТ нақты эмиссияларды 2025 жылға дейін 30 %-ке және 2030 жылға дейін 50 %-ке

«Жасыл Қазақстан» Ұлттық жоспары шеңберінде АМТ эмиссияларды 2025 жылға қарай 250 мың тоннадан 149 мың тоннаға дейін (*нақты эмиссиялардың 30 % төмендеуі*) төмендетуі тиіс.

Сондай-ақ, Қарағанды облысының 2020-2024 жылдарға арналған экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі Жол картасына қаржыландыру көлемі 147 млрд теңгеге жуық АМТ-ның табиғат қорғау іс-шаралары көзделген.

2018-2021 жылдар аралығында Кәсіпорынға қатысты тексеру нәтижелері бойынша жалпы сомасы 7 млрд теңгеден астам айыппұл салынды.

2022 жылы АМТ-ға қатысты 7 тексеру жүргізіліп, олардың нәтижелері бойынша 9 әкімшілік іс қозғалып, болжаммен айыппұлдың сомасы 5,8 млрд теңгені құрады (*іс сотпен қаралу сатысында*).

Бұдан басқа, сотқа өнеркәсіптік-тұрмыстық қалдықтар полигонын пайдалануға тыйым салу туралы, күл-шлам жинағыш пен әк жағу цехындағы ұсақтау-сұрыптау кешенінің қызметін тоқтату туралы талап арыздар жіберілді.

Жалпы алғанда, тексерулер эмиссия нормативтерінен асып кету, қалдықтарды басқару жөніндегі талаптарды бұзу бөлігінде бұзушылықтардың жүйелі сипатқа ие екендігін анықтады.

Қолданыстағы экологиялық заңнамаға сәйкес, 2023 жылдан бастап І санаттағы объектілер қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнатуға міндеттелген.

2021 жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары АМТ-ға қатысты 46 тексеру жүргізіп, 33 еңбек заңнамасының бұзылуын анықтады. Тексеріс нәтижелері бойынша 14 нұсқама беріліп, 1,9 млн теңгеге айыппұл салынды. Ағымдағы жылы мемлекеттік еңбек инспекторларымен АМТ-ға қатысты 25 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, оның нәтижелері бойынша 13 еңбек заңнамасын бұзу фактісі анықталды. Тексеру қорытындысы бойынша Кәсіпорынға 6 нұсқама беріліп, 765 мың теңгеге айыппұл салынды.

Жалпы Кәсіпорынның 3 бөлімшесі бар: «Өркен» ЖШС (2 500 адам), Болат (14 398 адам) және Көмір департаменттері (14 844 адам). Болат департаменті жұмыскерлерінің орташа жалақысы 312 мың теңгені, Көмір департаменті – 450 мың теңгені, «Өркен» ЖШС – 239 мың теңгені құрайды.

Соңғы 5 жылда АМТ жұмыскерлерінің жалақысы мынадай түрде өсті: 2018 жылы индекстеу арқылы 33,3 %-ке өсті. 2019 және 2020 жылдары жалақыны индекстеу 7,2 % мөлшерінде жүргізілді (*бірінші бөлік 1 қаңтардан бастап – 3,6 % және екінші бөлік 1 шілдеден бастап – 3,6 %*). 2021 жылғы жалақыны индекстеу 3 рет (*қаңтар - 8,2 %, шілде - 6%, желтоқсан - 15 %*) мөлшерінде жүргізілді.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап АМТ барлық жұмыскерлерінің жалақысы 6 %-ке, желтоқсанда 15 %-ке өсті.

2022 жылғы тамызда АМТ басшылығымен жылдың соңына дейін жұмыскерлерге ай сайын 25 мың теңгеден қосымша ақы төленетіні, ал 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап инфляция деңгейіне 100 % индекстеу жүргізілетіні туралы шешім қабылданды.

Р. Скляр